

Қаламыздың Құрметті азаматтары



Мұқышев Жәлел

1920 жылы туған. "Еңбек Қызыл Ту" орденімен марапатталған. Құрылысшылар басқармасында балташылар бригадирі болып жұмыс істеген. Екібастұз қаласының Құрметті азаматы атағы үлгілі еңбегі үшін берілді.



Төлепбергенов
Көбен

1930 жылы туған. Екібастұзда 1955 жылдан бастап 1995 жылға дейін қызмет істеді. „Құрмет белгісі” орденінің иегері. Қазір зейнеткер, „Отарқа” газетінің ақылдас-тар алқасының, қалалық „Қазақ тілі” қоғамы басқармасының, ономостикалық комиссияның мүшесі



Хақимзянова
Хадия

1923 жылы туған. "Еңбек Қызыл Ту", III дәрежелі "Ана даңқы" орденімен марапатталған. Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген мұғалім, Екібастұз қаласының Құрметті азаматы атағы 1982 жылы берілді.



Н.Н. Колотев

1929 жылы туған. Қаз.КСР-іне еңбегі сіңген шахтер. Ленин орденімен марапатталған. Ол Екібастұз көмірінің алғашқы эшелонын тиеген. Екібастұз отын-энергетика кешенін дамытуға қосқан зор үлесі үшін және қаланың 25 жылдығына орай Екібастұздың Құрметті азаматы атағы берілді.



Б.М. Авербух

Қазақ КСР-не еңбегі сіңген дәрігер. КСРО - денсаулық сақтау ісінің үздігі. Октябрь революциясы орденімен марапатталған. Екібастұз қаласының алғашқы дәрігері. Қалалық аурухананың бас дәрігері болып жұмыс істеген. Қаланың Құрметті азаматы атағы 1972 жылы берілді.



С. И. Царев

1882 жылы туған. 1918 жылы Екібастұз көмір ошағының алғашқы төтенше комиссары болып тағайындалды. Осы жылы Ермакта айуандықпен өлтірілді. Құрметті азамат атағы 1972 жылы берілді.



Сүтжанов
Байзен

"Шахтақұрылысы" комбинаты құбыр төсеушілер бригадасының бригадирі. Социалистік Еңбек Ері. Екібастұз қаласының Құрметті азаматы атағы қаланың 30 жылдығына орай берілді.



Қасымжанов
Түсіпқан

Көмір өнеркәсібі ардагері. Екі мәрте "Еңбек Қызыл Ту" ордені, "Шахтер даңқы" белгісінің үш дәрежесімен марапатталған. -Оның ұйытқы болуымен қаламызда "Ата мұра" мәдени орталығы құрылған. Қаламыздың Құрметті азаматы атағы 1995 жылы берілді.



Омашев
Жұмат

1909 жылы туған. "Құрмет белгісі" орденімен марапатталған. Еңбек жолын 1925 жылы бастаған. Еңбек және еңбекақы жөніндегі инженер болып жұмыс істеген. Екібастұз қаласының Құрметті азаматы атағы 1972 жылы берілді.



М.Ф.Возный

1913 жылы туған. Социалистік Еңбек Ері Екібастұз көмір кеніштерінде жұмыс істеді. Қала экономикасын дамытуға және жастарды тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін 1972 жылы Екібастұз қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

1934 жылы туған. Тау-кен инженері экономика ғылымдарының кандидаты. 1958 жылдан Екібастұз кенішінде жұмыс істейді. 1970-1994 жылдары „Батыр” кеніші директорының орынбасары болды. Қазір ЕТЖО орнының кафедра меңгерушісі



Жақсыбаев Серік

1913 жылы туған. „Құрмет белгісі” орденімен марапатталған. „Ертіскөмір құрылысы” тресінің бас маркшейдері болып жұмыс істеген. Екібастұз қаласының Құрметті азаматы атағы 1977 жылы берілді.



Н.И. Петренко

1932 жылы туған. „Халықтар достығы” орденімен марапатталған. 1954 жылдан бері энергетика саласында жұмыс істейді. Екібастұз қаласының Құрметті азаматы атағы қаланың 30 жылдығына орай берілді.



В.Х. Пкин

КСРО-ның ұшқыш-ғарышкері. Кеңес Одағының батыры. 1980 жылдың мамырында Екібастұз қаласында болып қайтты. Сол жылы оған Екібастұз қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.



А.А. Губарев